Согласно дуальной технологии студенты колледжа 40 % учебного времени занимаются непосредственно с привлечением к учебному процессу инженерно-технического персонала предприятий. В течении нескольких лет на производственной площадке предприятия ТОО «Eurasian Industrial Chemical Group», был открыт «Учебный центр» кафедры химического факультета Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова и Саранского гуманитарно – технического колледжа им. Абая Кунанбаева. Преимущества прохождения подготовки в учебном центре:

- проведение практического обучения непосредственно на производственной базе с участием специалистов предприятия;

- наличие полной базы конструкторской и эксплуатационной документации, являющейся основой технического обучения;

- использование в учебном процессе уникальной информационной и статистической базы завода, накопленной за годы его эксплуатации. При этом обучающийся приобретает определенные профессиональные компетенции. Немаловажно формирование личностных качеств, как умение работать в команде, навыки оптимального выбора технологического решения, ответственность за порученный участок деятельности. Он по-новому осмысливает будущую специальность и правильность выбора профессии.

Потенциальный работодатель, имеющий собственное представление о специалисте, имеет возможность корректировать процесс обучения, дополняя его содержание кругом специфичных проблем для данного производства. Партнерство с учебным заведением дает возможность оценить потенциал кадровых ресурсов.

Колледж заинтересован в деловом партнерстве с производством, так как получает доступ к оперативной информации о текущем состоянии производственных процессов, а это позволяет внести коррективы в обучающие программы и актуализировать специальные дисциплины.

Чтобы не было разрыва между практикой и теорией ведущие педагоги колледжа проходят стажировку на предприятиях нашего города. Согласно технологии дуального обучения лабораторно-практические работы трансформированы в практические, реальные производственные ситуации отражающие применение теоретических знаний к реальным практическим задачам их работы. На сегодняшний день студенты технологического отделения проходят практику на базовых предприятиях города, некоторые с выплатой заработной платы и многие из них трудоустраиваются по месту прохождения практики

Однако, предприятия сегодня работают нестабильно, в основном «под заказ», поэтому колледж вынужден проводить практико-ориентированное обучение в своих лабораториях и мастерских. В связи с этим на собственной базе – на мини –заводе колледжа проводятся обучение по дуальной системе. С учебной аудитории в течении 5 - 7 мин студенты переходят на завод, где наяву изучают оборудование и производственный процесс. Почему сегодня мы не можем зарабатывать на своих мини- мастерских? По закону «О государственном имуществе» мы не можем заниматься производственной деятельностью (кроме образовательных) приносящий доход. Поэтому на мини –заводе изготавливают полиэтиленовые пакеты, которые в общем используются для внутренних нужд корпусов и общежития. Изготовленные пластмассовые стаканчики также используются в столовой колледжа.

Качество, анализ прочности изготовленных полиэтиленовых пакетов, стаканчиков и качество сырья проводится студентами в лаборатории колледжа «Лаборатория контроля качества полимерной продукции» с помощью технологических и механических испытаний, органолептического метода анализа. Студенты могут составлять режимы работы оборудования и подбор материала для производства полиэтиленовых пакетов и стаканов, а также выявлять возможные дефекты продукции и их устранять.

По педагогическим специальностям открыт кабинет «Центр компетенции по дошкольному и начальному образованию», где также, находится вся необходимая документация и современное оборудование приближенное к практико-ориентированному обучению. В данной аудитории проводятся также занятия, внеклассные мероприятия, обучающие семинары с приглашением методистов, воспитателей и детей дошкольного возраста. Материально-техническая база детских дошкольных учреждений города, задействованная территория в колледже позволяют прививать профессиональные навыки студентам и во внеурочное время они могут работать помощниками воспитателя.

Коллектив колледжа перешел на дуальную систему обучения по педагогической специальности «Дошкольное воспитание».

Работа лингвистических лагерей «Казына», «Lingvo Land»- это хорошая практика и для студентов колледжа, и для учащихся школ. Для студента это прохождение практики «Летний отдых детей», практика для закрепления «языка», практических навыков преподавания и организации внеклассной работы «на языке», «умение работать в Команде». Для учащегося школы это приятное общение на каникулах, пополнение знаний по «языку», для 9классников, выпускников шанс получить «льготный сертификат для поступления в колледж. Для колледжа это одна из форм профориентационной работы. Это ранняя профилизация школьников, пропаганда языковой политики среди подрастающего поколения. Такая форма работы выгодна всем: колледжу, студенту, учащемуся школы. На занятиях летнего языкового лагеря учащиеся убеждаются в практическом значении иностранного языка в организации общения, приобретении дополнительной информации, с пользой проводят свое свободное время.

Эта работа ведется в колледже уже 6-й год. За этот период времени они доказали свою высокую эффективность и полюбились многим детям и их родителям, так как позволяют достигать следующих целей в освоении языка:

- Мотивировать детей говорить на английском языке
- улучшить знания и навыки детей в разговорном английском, казахском языках
- создать атмосферу радости, веселья, лёгкости в понимании и изучении английского и казахского языка.

Третий год по этой же схеме открыт летний спортивный лагерь «Шуак», где студенты пропагандируют среди учащихся школ национальные игры, особенности здорового образа жизни. В условиях пандемии работа летних лагерей не прекращалась, она велась в онлайн- режиме. Проводя работу летних лагерей студенты колледжа получают практические навыки в работе с детьми.

На базе Саранского высшего гуманитарно - технического колледжа имени Абая Кунанбаева прошла 4 областная Ярмарка социально – педагогических инноваций в сфере образования, инициатором которого являются педагоги колледжа. В ярмарке активное участие принимают социальные партнеры. Являясь партнерами по организации и проведению областных чемпионатов «Worldskills», ежегодно воспитатели, учителя школ являются активными участниками, где педагог может поделиться своими разработками и изучить опыт других. В условиях пандемии производственная практика проводилась по педагогическим специальностям в форме репетиторства в онлайн режиме, согласованно с дирекцией школ по «западающим зонам».

Достижение долгосрочных и краткосрочных целей, необходимость повышения конкурентоспособности и проведение организационных изменений требуют высокого уровня профессиональной подготовки специалистов среднего звена. А это достигается не

только четко спланированной работой, но и объективной оценкой этого обучения. При итоговой аттестации студентов колледжа, комиссией в составе педагогов колледжа и специалистов предприятия, отмечено:

- заметно возросшее качество самостоятельно выполненных студентами работ,
- целесообразность переноса части занятий из аудиторий колледжа непосредственно на предприятие, в лабораторий колледжа .

Опыт использования дуальной системы обучения в колледже им показал следующие преимущества этой системы по сравнению с традиционной:

- устраняется основной недостаток традиционных форм и методов обучения - разрыв между теорией и практикой;

- создается высокая мотивация получения знаний и приобретения навыков в работе, т.к. качество их знаний напрямую связано с выполнением служебных обязанностей на рабочих местах;

- обеспечивается высокий процент трудоустройства выпускников, так как они полностью отвечают требованиям работодателя.

В дальнейшем основная работа будет направлена на формирование новой модели профессиональной подготовки, которая позволила бы преодолеть отставание в структуре, объемах и качестве подготовки трудовых ресурсов и максимально удовлетворяла бы требования конкретных предприятий.



МОДУЛЬДІК-ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТӘСІЛДІҢ НЕГІЗІ КӘСІБИ МАМАН ДАЙЫНДАУ

Кайнолдина Райгул Кумарбековна
КММ «Балқаш сервис колледжі» арнайы пәндер оқытушысы

Қазіргі таңдағы егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз жастарға байланысты. Осыған орай бүгінгі күн колледж алдында тұрған басты міндет — өзіндік айтар ой-пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді азамат тәрбиелеп шығару. Студенттердің ойлау қабілетін дамыту, ой-пікірінің дербестігі мен еркіндігін кеңейту, олардың өз бетімен білім алуға деген ынтасын арттыру, оны өз тәжірибелерінде жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, яғни біліктіліктерін қалыптастыру және дамыту болып табылады

Елімізде кәсіптік білім берудің процесінің барлық мүшелерінің: жұмыс берушілердің, студенттердің, ата-аналардың, оқытушылардың және жалпы қоғамның мүдделерін ескеретін білім сапасын қамтамасыз етуші нормативтер мен аспаптарды әзірлеуді талап етеді.

Адамның кез келген жетістігі – жеке немесе кәсіби – еңбек қызметінде қай саласын алмаса да өз құзыреттілігін дәлелдей алуға негізделеді. Еңбек нарығының өзекті мамандықтары бойынша кәсіби стандарттарды жаңарту және өндіріске жаңа технологияларды енгізу. Қазақстанның кәсіптік білім беру жүйесіне маңызды тапсырмаларды алға қояды – ол жұмыс берушілердің талаптарына және еңбек нарығының сұраным мен ұсынымына жылдам көңіл бөлу және әлемнің стандарттарына сай мамандарды даярлау болып табылады.

Білім беру жүйесіне енгізілетін модульдік оқытудың технологиясы - студенттердің жұмысқа орналастыру сұрақтарына көп оң нәтижелер әкеледі және жұмыссыздық жағдайларын шешуге мүмкіндік береді. Бір немесе бірнеше біліктілігі бар адам бірнеше жыл бойы білім алуға және басқа мамандық бойынша біліктілікті алу үшін қайта дайындықтан өтуге қажеттілігі жоқ. Ол аталған біліктілікті қысқа мерзімде алып, жұмысқа орналаса алады.

Оқытудың модульдік технологиясы – үздіксіз білімді қамтамасыз ететін икемді жүйе, ең бастысы оқытушыда, студентте оқыту нәтижесіне нақты бағытталған. Оқыту материалдарына қатысты – модульдік тәсіл негізінде оқытуда ол аяқталған элементтерден тұратын құрылым ретінде қарастырылады. Оқыту материалдарының ауыспалы бөлімдерінің бөлімшелері бір-біріне тәуелді емес және әрбір бөлімнің оқыту материалдарын тез арада өзгеріп, толықтыруға мүмкіндік береді, ол қызмет түрлерінің және әрекет тәсілдерінің түрлеріне тез үйренуге мүмкіндік береді. Дұрыс құрылған модульдік бағдарламаның құрылымы білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне оқыту мазмұнын студенттердің меңгеруін және бейімделу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Оперативтік білім студенттің жеке қызмет кезінде алған білімін қолдану және меңгерген білімнен тыс жағдайларда өзгеше жағдайда қолдану барысында меңгеріледі. Оқыту материалдарына берілетін ақпарат оқыту мазмұнын меңгеруге бағытталуы тиіс. Модульдік-құзыреттілік тәсілі процесінде оқытушы кеңестік-бағыттаушы рөлін атқарады. Танымдық қызметін басқару функциясы студентке беріледі және өзіндік басқару функциясы ретінде қаралады. Ең бастысы – бағалау критеріі оқу процесінің барлық қатысушылары – студенттер, оқытушылар, әкімшілік және ата-аналар үшін оқыту процесін айқын және түсінікті етеді. Модульдік оқытудың түйіні оқыту процесін дербес мазмұнды-технологиялық бірліктерге (модуль) бөлуге болады, оған студенттерге арналған әдістемелік нұсқаулық, бағалау жүйесі мен мақсатты әрекет бағдарламасы ақпараттар бланкі енеді.

Жұмыс оқу бағдарламасын құру кезінде тәжірибелік қызметте бөліп айтатын модульдік оқытудың басты элементтері:

- оқыту мазмұнының нақты құрылымы;
- блок мазмұндарының толықтығы және дербестілігі;
- әрбір студентке арналған қарапайым түсінікті ой беретін әдістемелік нұсқаулық;
- оқыту материалдарымен жұмыстың дербес жылдамдығы;
- әрбір студенттің оқыту материалдарының әрбір бөлім меңгеруді бақылау.

Студенттердің кешенді білім алуы үшін модульдік оқыту технологиясын әрбір тақырыптар мен тақырыпшаларды бөліп оқытуға мүмкіндік береді.

Жұмыс берушілерден алынған сауалнамалар еліміздің аймақтарының мамандарға деген сұраныстарын дамытудың жаңа идеяға куә болады: кәсіптік білім беру сапасы түлектердің «білімі» форматында ғана емес, сонымен бірге қызметтің форматында; кәсіптік қызметке дайындықтың құрамдастары бар барлығына ортақ кәсіптер мен мамандықтар бойынша байланысты жұмыскерлерге қойылатын бұрынғы кезде өзектендірілмеген, қосымша талаптардың пайда болуы (мысалы, командалық жұмысқа, ынтымақтастыққа, әлеуметтік байланыстарды реттеуге, үздіксіз өз бетімен білім алуға қабілеттілік, шешім қабылдау, ақпаратпен жұмыс істеу машығы және т. б.). Білім беруші оқу бағдарламалары оқу жоспарының әртүрлі пәндерін оқыту мазмұнын, әдістерін, түрлері мен құралдарын айқындаушы елімізде техникалық және кәсіптік білім беруді білім беру ұйымдарының негізгі нормативтік құжаттары болып табылатындықтан, оларға модульдік құрылым беру оны ары қарай жетілдіруге бағытталған білім беру үдерісінің әртүрлі тұстарын барынша жаңғыртуды тұспалдайды. Осы жүйе жұмыс істеуі үшін еңбек саласының талаптарын білім беру саласының тіліне аудару қажет. Білім беру мен бизнес бір тілде – өнеркәсіп пен елімізді дамытудың нақты сұраныстарын қанағаттандыру үшін оқытудың нақты нәтижелілігі тілінде сөйлеуге машықтануы тиіс. Бұл кәсіптік стандарттардың талаптарын іске асыру және модульдік бағдарламаларды әзірлеу арқылы мүмкін. Білім беру ұйымдары көбіне жылдам өзгертін экономикаға және тұрақты әр тараптандыруға бейімделмеген. Модульдік құзыреттілік оқытуды енгізу арқылы инновациялық орта құру шындығында әрбір студентке белсенді әрі нәтижелі оқу-танымдық қызметке қосылуға, мазмұны бойынша сараланған бағдарламамен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл оның заманауи білім берудегі өзектілігін арттырады.

Балқаш сервис колледжінде модульдік оқытуды бойынша енгізу тәжірибесі әрбір сабақтың кәсіптік біліктіліктерді қалыптастырудағы жоғары маңыздылығын көрсетті. Мұнда әрбір кезеңде интер белсенді технологияларды қолдануды атап өткен маңызды. Негізгі әдістемелік тәсілдер мен материалдарды «Кондитер- аспаз » біліктілігі бойынша «Ұннан дайындалатын кондитерлік өнімдерді дайындау» пәндерінде сабақтарында оқыту мысалында қарастыруға болады. Аталмыш технология бойынша оқытуда ең алдымен студенттердің білім сапасын бағалауда кретиралды бағалау жүйесін пайдалануға мүмкіндік болады. Сонымен қатар модульдік құзыреттілік технологиясы арқылы оқытуда студенттерге әрбір модуль бойынша тапсырмалар (тест тапсырмалары, бақылау жұмыстары, өзіндік жұмыстар т.б.) беріліп, тарау бойынша студенттердің алған білімдерін байқауға мүмкіндік болады. Бұл дегеніміз еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті кәсіби маман даярлаудағы үздік технология. Ең алдымен кәсіби маман даярлау үшін оқу үлгілік жоспарына сәйкес білім алушыларға арналған оқу материалдарын даярлау және жоспарлау қажет. Оқу материалдарын даярлауда заманауи технологиялар мен әдістерді, оқу-жаттығу жұмыстардың түрлерін пайдаланған жөн.

Модульдік технологиясы студенттердің оқу мотивациясын күшейтіп, шығармашылық ізденістерге жетелейді, бұл технология жеке студент білім сапасын анықтауға бағытталады. Студент берілетін білімді алдын-ала модульге бөліп алып, үйрету өзінің тиімді нәтижесін береді. Білім алушының мүмкіндігіне қарай модульдік оқытуда мәтіннің мазмұны бөліктерге бөліп беріледі. Демек, модуль – іріленген мазмұнды дидактикалық бірлік деп саналады. Бөлінген мәтіндермен жұмыс жасай отырып, оларды толықтырады, қысқартады, мазмұнға сай өзгертулер жасайды. Сөйтіп, олар оқу материалының дербес бөлік екеніне көз жеткізіп, дәстүрлі оқыту мен модуль арқылы оқытудың ерекшеліктерін танып біледі. Модуль арқылы оқыту нәтижесінде жұмыс беруші талаптарынан шыға алатын бәсекеге қабілетті, білікті кәсіби маман қалыптасады.

Әдебиеттер:

1. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде Алматы 2006 жыл.
2. Қамзина М. Модульдік оқыту технологиясы.//Тәрбие құралы. 2005 жыл, №4.
3. Педагогтың кәсіби деңгейін өсіруде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жолдары.//Ғылыми-практикалық жинақ. Алматы, 2008 жыл.
4. Исакова Р., Ерназарова З. Жаңа технологияны пайдалану әдістері. Қызылорда 2004 жыл.
5. Жадрин М.Ж. ҚР- дағы жоғары білім беру дамытудың тенденциялары мен мәселелері. Алматы 2002 жыл.

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ- САПАЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

А.М. Жамауова БМ-29 тобының студенті
А.Д. Бекмаганбетова жетекші
«Жезқазған гуманитарлық колледжі» КМҚК
E-mail: zhamauova.asylzhan@mail.ru

Бұл мақалада білім беру жүйесінде сапалы білім берудің тиімді тәсілі – модульдік оқыту туралы жазылған. Модульдік оқытудың ерекшелігі. Модульдік оқыту технологиясын қолдану арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін тиімді арттырудың жолдары көрсетілген. Оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, сонымен қатар оларды өмірге қажетті өз болашағына азық болатын тәрбиенің берілуіне де ықпал ететіні туралы айтылған.

Қаншалықты кең тараса да, бір қарағанға тұрақты болып көрінгенімен, «білім» түсінігі көп мәнділігімен ерекшеленеді. Әдетте, бұл термин мазмұны жағынан келесідей түсініктемелерге ие болуы мүмкін: білім - жалпыадамзаттық құбылыс; білім - әлеуметтік мәдени мұра; білім – жүйе; білім – педагогикалық процесс; білім – нәтиже.

Білім алу – адамзат әрекетінің ең маңызды бір түрі. Ол білім мен тәрбиенің негізін қалайды. Білім алуда адамның ішкі мүмкіндігі мен қабілетінің дамуы, қалыптасу үрдісі байқалады. Қабілет, бір жағынан, адамның білім, дағды, іскерлікті қалыптастырудағы саналы әрекетінің нәтижесі болса, екінші жағынан, адамның табиғи-генетикалық ерекшелігімен тікелей байланысты. Осыған орай, қазіргі білім беру парадигмасында білім алушыға тұлғалық-әрекеттік тұрғыдан қарауға үлкен мән беріп отыр. Өйткені, әрекет дегеніміз-саналы мақсатқа тәуелді үрдіс. Демек, мақсатқа жетудің басты жалпы білім беруші мен білім алушының бірлескен іс-әрекеті болып табылады.

Білім беру жүйесі — әр елдің даму болашағын айқындайтын, әлемдік өркениетке жетудің негізгі бағыттарын көрсететін біртұтас құрылым. Соған байланысты, модульдік оқытудың маңызы ерекше. Себебі аталмыш технология әдістері оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді, өзін-өзі, өзгені де бағалай білуге үйретеді. Бұл технологияның бір ерекшелігі сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

Оқушының белсенділігін оның ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін, жадысы мен зейінін дамытып, қызығушылығын арттырады. Сабақ формаларының өзгеріп отыруы, әсіресе топтық формалар оқушылар арасында қарым-қатынастың нығаюына ықпалын тигізеді. Оқушының тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдап алуға еріктілігі, оның өз күшін, шама-шарқын бағалай білуге, өзін қауіпсіз сезінуіне, қиындыққа дайын болуға және оны жеңуге тырысуына жетелейді.

Модульдік оқыту технологиясын қолдану арқылы мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады: уақыт үнемделеді, сабақтың сапасын көтереді, оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік тудырады, оқушылардың белсенділігін мен қызығушылығын арттырады, сондықтан оқу үлгерімі көтеріледі.

Модульдік оқыту бойынша, білім алу мен тәрбиелену ерекшелігі мынада:

- ✓ Оқу материалдарын белгілі бір жүйеге келтіріп, тірек-сызба арқылы беру.
- ✓ Жаңа тақырып бойынша алған білімдерін бекіту, еске түсіріп үнемі қайталап отыру.
- ✓ Оқушыларды білімге қызықтыру және бірлесе отырып жұмыс жүргізуге үйрету.
- ✓ Оқушылардың бұрыннан игерген білімдерін тереңдете түсу
- ✓ Оқушының білім деңгейін дәл анықтау.

Модульдік оқыту технологиясын сабақта қолдану-мемлекеттік тілді оқытуда сабақтың білім сапасын көтерудің факторы болып табылады.

Модульдік оқытудың сөйлесу бөлімінде оқушылар көбінесе топтарға бөлініп, өтілген материалды қайта жаңғыртып, терминдерді, негізгі ұғым-ережелерді біледі.

Модульдік оқытуда интерактивті тақтаны пайдалану өте тиімді. Өйткені, қажетті сызбаларды, электронды оқулықты, зертханалық тәжірибелерді керек болған жағдайларда пайдалануға мүмкіндік береді.

Модульдік оқытудың ерекшелігі: мұғалім көп сөйлегеннен гөрі, баланы көбірек тыңдауға мүмкіндік береді; Модульдік оқытуда тағы бір ерекшелік бағалау парағын қолдану болып табылады. Сабақ жеке жұмыс, топпен жұмыс болуы мүмкін. Бала ескерусіз қалмас үшін әр жұмысқа балл қою арқылы қорытынды баға қойылады.

Қазіргі таңда оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, сонымен қатар оларды өмірге қажетті өз болашағына азық болатын тәрбие беру де қолға алынуда.

Қазір арнайы пәндерді нәтижелі үйрету, оқыту әдістемесін жетілдіре түсу – бүгінгі күннің маңызды мәселесі. Сол себепті білім жүйесінде көптеген жаңа технологиялар

қолданылып жүр. Оқушыларды еңбекке, шығармашылық пәндерге деген ынта-ықыласын арттыру үшін осы жаңа технологиялардың бірі — модульдік оқыту технологиясын қолдануға болады.

Модульдік оқыту технологиясының тиімділігіне тоқталатын болсақ, оқушылардың әрбір сабақта іс-әрекетін бағалау үшін диалогтық қарым-қатынас негізінде танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру, қысқаша сызбалар арқылы түсіндірілуі, барлық тақырыптар бойынша тест, сынақ жүргізу, Тақырыпты қарапайым білім мен түсінік деңгейде игеруді білдіреді.

Олар шамамен мынадай түрде беріледі: білу, түсіну, қолдану, талдау, топтау, бағалау.

Модульдік технологияның ерекшелігі: жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл) ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу, сондай-ақ өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, шығармашылық қажеттіліктерін, сөздік қорын дамытуға бағытталған.

Модульдік технология алға қойған мақсатқа бірлесе отырып проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы 2006 жыл.

2. Қамзина М. «Модульдік оқыту технологиясы»//Тәрбие құралы. 2005 жыл, №4.

3. Педагогтың кәсіби деңгейін өсіруде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жолдары.//Ғылыми-практикалық жинақ. Алматы, 2008 жыл.

4. Исақова Р., Ерназарова З. «Жаңа технологияны пайдалану әдістері». Қызылорда, 2004 жыл.

5. Жадрин М.Ж. «ҚР-дағы жоғарғы білім беру дамытудың тенденциялары мен мәселелері». Алматы 2002 жыл.

6. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан //Қазақстан халқына жолдауы//, 28.02.2007.



МОДУЛЬДІК -ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОҚЫТУДЫҒЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

М.О. Орынбасарова

ҚМҚҚ «Шахтинск технологиялық колледжі»,
e-mail: malika05.85@mail.ru

Аннотация

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі экономиканы дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға байланысты жаңғырту кезеңінде. Қазақстанның экономикасын инновациялық жобалармен қамтамасыз ету үшін жоғары кәсіптік мамандар мен қызметкерлер талап етіледі, ал олардың көптеген бөлігін техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің ұйымдары даярлайды.

Қазір әлемде өндірістік-технологиялық қарқынды өзгерістердің және бәсекелестіктің күшейген кезінде білім беру жүйесі қоғамды дамытудың қозғаушы күші болып отыр.

Әлемнің өзге де мемлекеттеріндегі сияқты Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі ТЖКБ) саяси, экономикалық және әлеуметтік іргетасты қайта бағдарлау нәтижесіндегі өзгерту мен жаңғырту процестері арқылы өтеді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі экономиканы дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға байланысты жаңғырту кезеңінде. Қазақстанның экономикасын инновациялық жобалармен қамтамасыз ету үшін жоғары кәсіптік мамандар мен қызметкерлер талап етіледі, ал олардың көптеген бөлігін техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің ұйымдары даярлайды.

Модульдік-біліктілік тәсілдеме теориялық оқыту мен тәжірибелік еңбек қызметінің арасындағы, жұмыс берушілер талаптары мен кәсіптік дайындықтың оқу бағдарламаларының арасындағы оңтайлы ара қатынасты анықтау міндетін қояды. Оқу жұмыс бағдарламаларын және жоспарларын әзірлеудің модульдік тәсілдемесі кезінде кәсіптік қызметтің (құзыреттіліктің) әрбір түріне жеке модуль жасалады.

Бұл мәнмәтінде заманауи, болашаққа есептелген кәсіптік стандарттар мен модульді оқу бағдарламаларын әзірлеу маңызды міндет болып саналады. Кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкес модульдік – құзыреттілік тәсілге негізделген жаңалары әзірленеді, қолданыстағы білім беру бағдарламаларының өзектілігі айқындалады.

ТжКБ нарық жағдайларына бейімделуі үшін осы және басқа да міндеттерді шешу ТжКБ ұйымдары мен басқару органдарының тарапынан уақытты, ресурстарды және күшті талап етеді.

Бірінші кезектегі міндеттердің бірі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖБС) жаңарту, жұмыс берушілердің нақты қатысуымен үлгілі оқу жоспарлары мен бағдарламаларын өзекті ету (құзыреттілікті дамыту негізімен) жөніндегі жұмыстар болып табылады.

Бүгін кәсіптік білім беруді жаңғырту жағдайында құзыретті тәсіл білім беру мазмұнын жаңартудың концептуалды ережелерінің бірі ретінде басым түсіп отыр, оның негізінде **практикалық-бағдарлық қызмет** салынған.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлеу және бекіту білім беру ұйымдарының құзыретіне жатады

Оқу бағдарламасы - әрбір оқу пәні (сабақ) бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберліктің, дағдылар мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама ҚР «Білім туралы» Заңының 1-бабын (45-тармағы).

Мамандықтар бойынша кәсіптік оқытудың мазмұны пәндер және оқу қызметінің немесе модульдерінің әр алуан түрлері бойынша үлгілік және жұмыс оқу бағдарламалары түрінде мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарына сәйкес әзірленетін білім беру бағдарламаларымен анықталады.

Шетелдік тәжірибені зерттеу, бірқатар шет елдерде қолданылатын кәсіптік білім беруді ұйымдастыру жөніндегі оқу бағдарламалары мен жоспарлары құрылымының және мазмұнының салыстырмалы талдамасы мынаны көрсетті:

1) заманауи оқу бағдарламалары мен жоспарлары бір мамандық бойынша оқу жоспары мен білім беру бағдарламасының шеңберінде бірнеше құзыреттілікті иеленуге бағытталған;

2) оқу бағдарламалары мен жоспарларын құрылымы мен мазмұны бойынша жобалау тәртібі техникалық және арнайы пәндердің мазмұны, оқу-өндірістік жұмыстың түрлері сипатталған дәстүрлі пәндік-циклдық тәсілден ерекшеленеді.

Біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік дайындығының болуы туралы құжат бұл - үміткердің нақты жұмыс орнына кәсіптік құзыреттілігін растайтын төлқұжат, куәлік немесе сертификат. Сондықтан білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде модульдік-құзыреттілік тәсілді қолдану және модульдік оқытуды енгізу қазіргі уақытта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйелерінің өзекті міндеті болып табылады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары білім алушылардың бір біліктілік

шеңберінде кәсіптік модульдерді меңгеру қорытындысы және аралық аттестаттау нәтижелері бойынша кәсіптік даярлық туралы куәлік береді.

Модульді оқыту идеялары бастамасын Б.Скинер еңбектерінен алды және Дж.Рассела, М.Гольдшмид, К.Курх, Г.Оунес шетелдік ғалымдардың жұмысынан теориялық негіздемесін алды және дамыды.

Аталған талаптарға ең үздік сәйкес келетін модульді оқыту, ол мазмұнын блоктардан икемді түрде құруға, оқыту түрлері мен нысандарының түрлерін біріктіруге, қарқынына қолайлы жек оқу бағдарламасымен ұсынылған жеке жұмыс істеу мүмкіндігін алған оқушылардың белгілі бір аудиториясы үшін сәйкес келетін түрін таңдау мүмкіндіктерін берді.

ЮНЕСКО баяндамасында (1982жыл) модуль «бір білікті немесе біліктер тобын мұқият танысу және өзінің жылдамдығымен жаттығуларды бірізділікпен зерделеу арқылы алуға болатындай жеке немесе топтық зерделеуге арналған оқшауландырылған оқыту пакет» ретінде анықталады.

Оқушыларда білім берудің барлық деңгейлерінде қалыптастыру қажет базалық/тірек құзыреті(жүріс-тұрыс дағдысы):

- 1) ана тілінде сөйлесу;
- 2) шет тілде сөйлесу;
- 3) элементар математика бойынша дағдыларын қосу;
- 4) технологиялық және ақпараттық дағдыларын көрсету;
- 5)білім ала білу;
- 6)әлемдік және ұлттық мәдениет негізінде құндылықтарды қалыптастыру.

Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары модульді оқыту технологиясы негізінде базалық және кәсіптік құзыретті қалыптастыруды көздейді.

Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу кезінде төмендегілерді көздейтін жақын біліктіліктері бойынша білім деңгейінің интеграциясы ескеріледі:

- 1) нақты мамандық бойынша белгіленген және/немесе жоғары біліктілік деңгейлерін (разряд, санат) беру;
- 2) орта буын маманының біліктілігін беру;
- 3) қолданбалы бакалавр біліктілік деңгейін беру.

Модульді оқыту ерекшеліктері

Модульді оқыту дидактикалық жүйенің әрбір компонентін және модульді бағдарлама мен модульдерде олардың көрнекілік түрде берілуін міндетті түрде толықтыруды қамтамасыз етеді;

•Модульді оқыту мазмұнының нақты құрылымын, теориялық материалдың бірізді берілуін, оқу процессін түзетуге мүмкіндік беретін білімді меңгеруін бағалау мен бақылау жүйесімен және әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді болжайды;

• Модульді оқыту оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен сұраныстарына оқу процесінің бейімділігін, оқу нұсқаулығын көздейді.

Оқыту мен бағалау маманның құзіретіне енгізілген

XXI ғасырдың іскер азаматы – бәсекеге қабілетті, ой - өрісі кең, жан – дүниесі бай, адамдармен дұрыс қарым – қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген мәселеде істен шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда өз орны бар, іскер, жеке тұлға деп білуіміз керек.

Білім беру реформасы табысының басты өлшемі де тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі қажет.

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның ұлттық дүниетанымын қалыптастыру, сол арқылы оқушының рухани жан дүниесінің баюына, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Қазіргі заман талабына орай ұрпақтарымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың

дүниетанымын адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық, азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келетін болса, онда білім берудің түрлері мен әдістерін жаңартуымыз керек.

Сан алуан әрекет арқылы ақыл – ойды ұштау, жетілдіру, жеке тұлғаның өзіндік идеясын, көзқарасын, сенімділігін, жауапкершілігін біртіндеп дамыту жолдарын іздестіру – бүгінгі қажеттілік.

Библиографиялық тізім:

1. 2015 жылғы 23 қарашадағы №414- V Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі (06.04.2016ж.өзгертулермен және толықтырулармен).
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (09.04.2016ж.өзгертулермен және толықтырулармен).
3. Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты (13.05.2016 ж. ҚР Үкіметінің №292 қаулысы). Техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламаларын, интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу
4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы.2017 ж27 қарашада № 16013
5. ТЖКБ білім беретін бағдарламаларын әзірлеуге модульдік-құзыреттілік тәсілдеме. К.К.Бөрібеков Астана, 2015 жыл.
6. Кәсіптік стандарттар негізінде ТЖКБ мамандықтары мен пәндері бойынша үлгілік оқу жоспарларын және бағдарламаларын әзірлеу әдістемесі№ Ш.Х.Құрманалина А.Б.Есқалиева, Т.С.Досанова, Е.М.Квитко, Астана, 2013 жыл.



ТВОРЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТУДЕНТОВ В МОДУЛЬНОКОМПЕТЕНТНОМ ОБУЧЕНИИ

Хайруллина Г.М.

КТУ «Қарагандинский машиностроительный колледж»

E-mail: Gulim_1983@mail.ru

Аннотация

В модульно-компетентностном обучении стала осязаемой потребность в думающей, ищущей и творческой личности. В психологической и педагогической литературе появилось немало трудов, посвященных формированию творческой личности в современном образовании.

Нередко приходится наблюдать, как преподаватели требуют от студентов оригинального, творческого решения проблемы или написания собственной творческой работы. Однако создать творческий продукт сразу, без предварительного обучения творчеству весьма сложно или совсем нереально. Когда от студентов требуют творчества, но не учат ему, учащиеся нередко соскальзывают в подделку, имитацию творчества.

В модульно-компетентностном обучении стала осязаемой потребность в думающей, ищущей и творческой личности. В психологической и педагогической литературе появилось немало трудов, посвященных формированию творческой личности в современном образовании.

Является ли такая социальная потребность скоропреходящей модой или она отражает закономерные сдвиги в развитии общества? Второе предположение ближе к истине. И вот почему. Проблемы социальных отношений, производства, науки, техники, быта и общения людей уже настолько усложнились, что решать их по чьим-то указаниям

в каждом конкретном случае оказывается всё труднее, а нередко и просто невозможно. Человеку приходится самому думать, искать, перебирать, взвешивать и оценивать разные варианты действий и находить единственно правильное решение.

Таким образом, потребность в воспитании людей творческих будет только нарастать.

Принято считать, что для развития творческих способностей студентов нужно включать их в исследовательскую деятельность. Выделяют два аспекта творческой деятельности:

- исследовательская деятельность (как творческий вид познания) и
- собственно творческая (проектная, конструкторская) деятельность, создание принципиально нового продукта (как разновидность труда).

Надо добиться, чтобы студенты овладели обоими видами творческой деятельности. Это вполне возможно, ибо сама природа человека обладает конструктивно-творческим началом.

Нередко приходится наблюдать, как преподаватели требуют от студентов оригинального, творческого решения проблемы или написания собственной творческой работы. Однако создать творческий продукт сразу, без предварительного обучения творчеству весьма сложно или совсем нереально. Когда от студентов требуют творчества, но не учат ему, учащиеся нередко соскальзывают в подделку, имитацию творчества. И появляются доклады, которые студент скачал из Интернета или купил у кого-то.

Студенты избегают необходимого знакомства с научной литературой и полезных упражнений в собственной исследовательской деятельности, не получают опыта в поиске нужных работ среди изданной литературы, навыков работы с научными источниками, конспектирования, планирования, выдвижения и проверки гипотез, формулирования собственных выводов и оформления полученных результатов, которые необходимы будущему исследователю и важны для будущего специалиста. Каковы же причины этого явления?

Чтобы выполнить и оформить самостоятельное исследование действительно надо немало знать, уметь и приложить много усилий. Это тем более трудно, если студентов не научили, как вести исследование. Сладость учебных и исследовательских успехов и высоких оценок, которые хочется побыстрее получить. Нехватка времени и спешка. Наконец, преподавателю сложно проверить подлинность рефератов, да и не все из них принципиальны, не очень интересуются тем, сам ли студент выполнил работу или у кого-то списал. Так снижается смысл и дидактическая польза учебных исследований.

Между тем собственные исследования студентов совершенно необходимы для будущих специалистов. Каковы же пути решения этой проблемы?

- Если студенты готовят доклады с использованием научной литературы, то необходимо тщательно проверять самостоятельность этих работ. Так, автору реферата можно предложить подробно описать источники, которыми он пользовался.

- Проверка понимания смысла всех терминов, ссылок и упоминаний в тексте даёт такой же результат, ибо самостоятельная подготовка реферата позволяет освоить смысл этих элементов, а при списывании они остаются чужими.

- Если студента попросить пересказать содержание реферата, то окажется, что владеть материалом и логикой чужого доклада весьма нелегко, в отличие от того, который подготовлен самостоятельно.

- И, наконец, если задавать различные вопросы по существу текста, то сразу выяснится, своя работа или списанная.

Противостоять массовой практике покупки чужих рефератов или скачивания их из Интернета можно и другими способами. Например, так формулировать темы рефератов, чтобы аналогичных в Интернете просто не было! Впрочем, знающим людям и такую тему можно будет заказать за деньги, однако это будет дорого стоить студентам и мало кто из них согласится на такие траты.

Есть и иной способ. Отказаться от рефератов в пользу научных докладов. Если реферат можно написать, изучив научную литературу, то для создания научного доклада обязательно потребуется провести ещё и собственное исследование с использованием научных методов: наблюдения, анкетирования, бесед и интервью, собственного эксперимента и т.д. Так можно противостоять обману и простому копированию чужих работ в Интернете.

Между тем нет смысла запрещать пользоваться возможностями Всемирной паутины. Это и нереально, ведь выход в Интернет есть у многих студентов. Интернет действительно даёт богатейшие возможности поиска и получения научной и общекультурной информации. Это особенно важно тому, кто не имеет свободного доступа в научные библиотеки. Более того, преподавателям необходимо учить и приучать студентов к поиску научной информации в Интернете и разумном использовании её. Современные поисковые системы позволяют запросить всю имеющуюся в Сети информацию по любому термину и научной проблеме. Правда, в ответ пользователь получает вместе с информацией много словесного мусора, из которого приходится выбирать крупинки знаний. Но это и есть тот опыт, который приучает к продуктивной работе в Сети.

Недостаточно просто подталкивать студентов к самостоятельной работе — исследованию надо подробно и тщательно учить. Для стимулирования и подготовки студентов к исследованию используют проблемное обучение и исследовательские игры.

Разработанные ещё советскими педагогами методы проблемного обучения (проблемное изложение, частично поисковый метод и исследовательский метод) так же, как и известный, со времён Сократа метод эвристической беседы, позволяют заинтересовать студентов научными проблемами, включить в их поиск и изучение и научить многим исследовательским действиям.

Творчеству надо учить. И постепенно вести студентов от подражания и ремесленного исполнения дела к искусному, своеобразному, к творчеству, поэлементно и целостно обучая его особенностям, вооружая необходимыми умениями и навыками и, конечно, стимулируя творческую деятельность.

У преподавателя есть немало возможностей побудить тех, кто учится, к собственному исследованию. Это, прежде всего собственный пример активной исследовательской деятельности, постоянного преодоления различных шаблонов и привычек, это похвала, оценка, рейтинг, различные награды за успешную творческую деятельность, учёт проведённых исследований во время зачётов и экзаменов, выдвижение творческих школьников и студентов для участия в научных конференциях, публикация их докладов в научных сборниках и т.д.



МОДУЛЬНО – КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ ПОДХОД КАК ФАКТОР КАЧЕСТВА ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТА ДЛЯ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ.

Н.Б. Рудневская, В.П. Федулова

КГКП «Саранский высший гуманитарно-технический колледж
имени Абая Кунанбаева»

E-mail: kogut-62@mail.ru

E-mail: valentina.fedulova.77@mail.ru

Аннотация

Социальное партнёрство в Республике Казахстан направлено на решение следующих задач: создание эффективного механизма регулирования социальных, трудовых и связанных с ними экономических отношений; содействие процессу консультаций и переговоров между сторонами социального партнёрства

на всех уровнях. Благодаря системе организационных, экономических, педагогических отношений появляется возможность включить участников взаимодействия в рыночные отношения и более эффективно осуществлять образовательную деятельность, направленную на формирование современного, грамотного, конкурентоспособного специалиста.

Изменение всех сфер жизни человека в современном мире обусловили модернизацию системы образования. Существенное влияние на систему профессионального образования оказывает научно – технический прогресс и преобразования, происходящие в экономике и общественной жизни.

Процессы становления новой экономики и производства привели к росту потребности общества в специалистах среднего звена и вызвали изменение требований, предъявляемых к качеству профессионального обучения.

Динамическое развитие качественного профессионального образования является актуальной социальной задачей. Для решения данной задачи необходимо, во-первых, задействовать внутренние ресурсы не только образовательной организации и всех её субъектов, но и ресурсы социальных партнёров, заинтересованных в подготовке квалифицированных, компетентных и конкурентоспособных специалистов. Во-вторых, необходимо организовать научно обоснованное проектирование, построение, содержательное наполнение и организацию процесса профессиональной подготовки кадров. Главное место в профессиональном образовании отводится приобретению практического опыта на основе знаний и умений.

Социальное партнерство в профессиональном образовании – это современный тип взаимоотношений учебных заведений и работодателей с общественными организациями, нацеленный на максимальное согласование и учет интересов всех участников этого процесса. Понятие «социальное партнерство» рассматривается как участие различных государственных и общественных организаций, а также отдельных лиц в совместной деятельности, направленной на решение конкретных задач, стоящих перед отраслью. В Закон Республики Казахстан «Об образовании» введено понятие «кооперативное обучение» как одной из форм организации подготовки кадров, основанной на ответственности государства, работодателей и учебных заведений. В ней определены основные направления взаимодействия работодателей в подготовке специалистов, организации профессиональной практики и их трудоустройстве, привлечения работодателей к процессу обучения специалистов с производства, оценке профессиональной подготовленности выпускников.

Установление подобных взаимоотношений является процессом сложным и длительным, зависящим от целого ряда причин, как объективных, так и субъективных. Однако, несмотря на все трудности, сегодня социальное партнерство становится для многих образовательных организаций реальностью, открывающей множество дополнительных возможностей. Прежде всего, конечно же, это расширение возможности трудоустройства выпускников.

